

Ж.С. Бегимбаева^{1*} , **Б. Б. Байшов²** 

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

²Т.Ж. Бигельдинов атындағы Әуе қорғаныс күштері Әскери институты, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: zbegimbayeva@zhubanov.edu.kz dil_123@mail.ru

ОРЫС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ ОРЫНБОР БӨЛІМІ КОРРЕСПОНДЕНТТЕРІНІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУДЕГІ РӨЛІ

Зерттеу мақсаты Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінде корреспонденттік желіні құру арқылы қоғам жұмыстарының табысты жүзеге асқандығын ғылыми негізде талдай отырып көрсету. Осы арқылы ОГҚ Орынбор бөлімі ғылыми ізденістермен ғана шектелмей, түркі тілдес халықтардың салт-дәстүрін зерделеу мақсатында көшпелі халықты сауалнама жүргізуге тарту, Еуразия көшпенділері арасында ғылыми-танымдық сипаттағы ғылыми мәліметтер даярлау, түрлі деңгейдегі көрмелерге қатысу, ғылыми қоғамдар мен басқа да мерзімдік басылымдарда мақалалар мен баяндамалар жариялау жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктеріне ие болды.

Зерттеудің әдістемелік негізі мәселені толық ашып көрсетуге қажетті тарихилық және объективтілік принциптеріне негізделген. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында салыстырмалылық, тарихи-кеңістіктік, жүйелілік тәсілдері, архив мәліметтерін пайдалану барысында жүйелі сараптау әдісі пайдаланылды. Авторлар архив құжаттары мен тарихи еңбектердің маңыздылығын ашып көрсету мақсатында қолданған жүйелік талдау мен сараптау әдістері мәтіндік құжаттардың мазмұнын ашуда айтарлықтай көмегін тигізді. Праксиметрлік немесе архив тәсіл күнделік, ғылыми еңбектер мен зерттеулердегі жазбалар мен түсініктерге сараптама жасауда қолданылды.

Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінде құрылған корреспонденттік желі мен экспедициялық жұмыстарға жергілікті халықты тарту арқылы аталған кезеңдегі қазақ халқының салт-дәстүрі мен музыкалық өнері, шаруашылығы туралы мәлімет жинақтау жұмыстары қарқын ала түскендігін көрсетуге баса көңіл аударылғандығында.

Осы жұмыстардың нәтижесінде ХІХ ғасырдың 70 жылдарында Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесі мүшелерінің саны өсіп, ғылыми еңбектердің алғашқы шығарылымын басып шығаруға қажетті ауқымды мәліметтер қоры жинақталды. Зерттеу нәтижесінде аймақтың дәстүрлі өркениетін жергілікті корреспонденттерді құрамына енгізе отырып экспедиция ұйымдастыру арқылы зерттеудің Орталық Азия көшпенділерінің тарихы мен лингвистикасы, экономикасы мен этнографиясы бойынша ғылыми нәтижелер жасауға ықпал ететіндігі арнайы көрсетілді.

Түйін сөздер: ғылыми қоғам, экспедициялар, этнография, тарих, бағдарламалар, баяндамалар, корреспонденттік желі.

Zh.S. Begimbayeva^{1*}, B. B. Baishov²

¹K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

²T.Ya. Begeldinov Military Institute of the Air Defense Forces, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: zbegimbayeva@zhubanov.edu.kz dil_123@mail.ru

The role of correspondents of the Orenburg department of the russian geographical society in the study of the culture of the nomadic peoples of Central Asia

The article examines the development of a correspondence network within the Orenburg branch of the Russian Geographical Society as evidence of the successful implementation of its research and educational activities. The study shows that the establishment of this network enabled the Society not only to carry out scientific research, but also to involve the nomadic population in surveys aimed at studying the customs and traditions of Turkic-speaking peoples, to prepare scientific and educational materials among the nomads of Eurasia, to participate in exhibitions at various levels, and to publish articles and reports in the journals of scientific societies and other periodical publications.

The methodological basis of the research relies on the principles of historicism and objectivity, and employs comparative, historical-spatial and system methods. System analysis was applied in working with archival documents and historical works, while the praxeometric (archival) method was used to examine diary entries, scientific writings and research notes.

The scientific novelty of the article lies in its focus on the intensification of data collection on Kazakh customs, musical heritage and economic activities resulting from the creation of the correspondence network and the active involvement of the local population in expeditionary work.

The study concludes that, by the 1870s, the number of members of the Orenburg branch increased and a substantial body of materials had been collected, allowing the publication of its first scientific volumes and contributing to the development of research on the history, linguistics, economy and ethnography of the nomadic peoples of Central Asia.

Keywords: scientific society, expeditions, ethnography, history, programs, reports, correspondent network.

Ж.С. Бегимбаева^{1*}, Б.Б. Байшов²

¹Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

²Военный институт Сил воздушной обороны имени Т.Я. Бегельдинова, Актюбе, Казахстан

*e-mail: zbegimbayeva@zhubanov.edu.kz

Роль корреспондентов Оренбургского отдела Русского Географического общества в изучении культуры кочевых народов Центральной Азии

Целью работы является анализ создания корреспондентской сети как результат успешной реализации программ этнографического отделения общества. Ведь круг интересов научных обществ не ограничивалась только научными изысканиями, проводилась также активная просветительская работа среди кочевого населения, которая чаще всего реализовывалась через привлечение местных жителей к проведению анкетирования, беседам по изучению обычаев, традиций тюркоязычных народов, чтению научно-популярных лекций среди кочевников Евразии, участию в выставках, публикацию статей, докладов в журналах научных обществ и других периодических изданиях.

Методологическая основа исследования основана на принципах историзма и объективности, необходимых для достижения полноты суждений. В процессе научно-исследовательской работы были использованы сравнительный, историко-пространственный, системный методы исторического исследования. При использовании архивных данных широко применялся метод системного анализа. Особое внимание было уделено историческому значению архивных документов и исторических трудов на основе метода системного анализа и систематическому отбору из них необходимых исторических данных. Прагматический метод, то есть архивный метод, применялся при экспертизе записей и определений в дневниках, научных трудах, исследованиях.

Научной новизной работы можно выделить тот факт, что именно создание корреспондентской сети дало толчок Оренбургскому отделу Русского Географического общества к дальнейшему привлечению местного населения, в частности включению коренных жителей региона в состав экспедиций по сбору обычаев казахского народа, произведений устного народного творчества, сведений о хозяйстве.

В итоге именно в 70-е годы XIX века увеличилось число членов Оренбургского отдела общества, был накоплен значительный материал для издания первого выпуска научных трудов. Было показано, что изучение традиционной цивилизации региона путем организации экспедиции с включением в состав местных корреспондентов способствует созданию научных результатов по истории и лингвистике, экономике и этнографии кочевников Центральной Азии.

Ключевые слова: научное общество, экспедиции, этнография, история, программы, доклады, корреспондентская сеть.

Кіріспе

XVIII ғасырдан бастап Ресей империясы қазақ жерін бағындыруға барынша кірісті. Бұл процесс Ұлы Петрдің Орта Азия мен Қазақстанды игеру үшін жүргізген әскери-саяси бағыттағы экспедициялық шараларынан кейін одан әрі қарқын алды.

Орталық Азияның көшпелі халқын бағындыру осы аймақтағы интеграциялану саясатын есепке ала отырып жүргізілді. Халықтың кө-

пұлтты құрамы, түрлі типтегі шаруашылық пен бай табиғи қорлардың өзара синтезделуі XVIII ғасыр ортасындағы өлкені академиялық деңгейде зерттеу бағытындағы экспедициялар ұйымдастыруға алғышарт жасап, қазақ өлкесі мен Орталық Азияны жан-жақты түрде зерттеуге қолайлы жағдай туғызды.

XIX ғасырдың 20-60 жылдарындағы ғылыми таным жүйесі, оның ішінде география мен этнография ғылымдарының дамуы орыс шығыстану ғылымының қалыптасуына да өз әсерін тигізе-

ді. Атап айтқанда, XIX ғасырдың II жартысында орыс шығыстану ғылымы Орыс императорлық географиялық қоғамы (одан әрі ОИГҚ-авт.) және оның бөлімдерінің құрылуына байланысты одан әрі гүлдене түсті. Аталған географиялық қоғам 1845 жылы 6 тамызда құрылды және өз алдына Ресей империясын мекендеген халықты кеңінен зерттеу мақсатын қойды (История отечественного..., 1997: 87).

Аталған ғылыми ұйымның 1845-1861 жылдардағы қызметі Ресей империясының әлеуметтік-экономикалық дамуымен тығыз байланыста дамыды. Аталған кезеңде Ресей өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына елдегі өндірістік күштердің өсуіне ықпал ететін ақыл-ой иелері де қажет болды. Ғылыми зерттеулер ауқымының өсуін капиталистік өндіріс қана емес, мемлекеттің өзі де қажетсінді. Елдегі ғылымның дамуына әлемдік ғылыми процестің де ықпалы зор болды. Аталған факторлардың ықпалымен XIX ғасырдың II жартысындағы орыс ғылымы бірқатар салада қарқынды дами бастайды.

XIX ғасырдың 70 жылдары ОИГҚ Орынбор бөлімінің тарихында да өнімді жұмыс атқарылған кезең болды. 1868-1870 жылдары қоғамның Орынбор бөлімі мүшелерінің саны өсіп, корреспонденттік жүйе құрылды және алғашқы ғылыми еңбектерді басып шығаруға қажетті маңызды материалдар жинақталды.

ОИГҚ Орынбор бөлімінде корреспонденттік жүйенің құрылуы қазақ халқының халық ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі, шаруашылығын зерттеу бағытындағы экспедициялар жұмысына жергілікті халық өкілдерін тартуға игі ықпал жасады.

XIX-XX ғасырлар тоғысында Орталық Азияның түркі тілдес халықтарының қоғамдық-мәдени өмірінде ғылыми қоғамдар қызметінің маңыздылығы арта түсті. Қазақ даласын зерттеушілердің ғылыми қоғамдардың қызметімен және ғылым әлемімен араласуы аймақтың әлеуметтік-мәдени жағынан даму дәрежесінің артуына да біршама оң ықпалын тигізді.

Материалдар мен әдістер

Зерттелініп отырған мәселеге арналған тарихи деректердің біршамасы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде, оның ішінде Торғай облысының облыстық басқармасы (25-қор), Орыс географиялық қоғамының Жетісу бөлімі (430-қор), Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының Қазақстанды зерттеу қоғамы (693-қор) қорлары материалдарында

шоғырланған. Бұл архив қорларында жарғылар, жоспарлар, есептер, ғылыми экспедиция жұмыстарындағы жазбалар және географиялық қоғам мәжілістерінің хаттамалары жинақталған.

Бұдан басқа, Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (Бұдан әрі – ОрОМА) Орынбор ғылыми қоғамының қалыптасуы мен дамуы мәселесін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Аталған архивте құнды мәліметтердің үлкен бөлігі Орынбор генерал-губернаторының кеңсесі қорында (6-қор) сақталған. ОИГҚ Орынбор бөлімі туралы материалдарда аталған бөлімнің құрылу тарихы (94-қор), қазақ халқы өкілдерін корреспонденттік қызметке тарту (94-қор, 43-іс) мәселелері жазылған.

Орынбор өлкесі мен Қазақстанның батыс өңіріндегі ғылыми қоғам қызметінің тарихын зерттеудегі дереккөздердің біршама бөлігін ғылыми қоғамның өзі шығарған «Записки Оренбургского отдела ИРГО», «Известия Оренбургского отдела ИРГО», «Труды Оренбургской Ученой архивной комиссии» секілді баспасөз материалдары құрайды. Аталған мерзімді басылымдарда көбінесе қоғам мүшелерінің ғылыми еңбектері, мәжіліс хаттамалары, есептер, ғылыми қоғам мүшелерінің тізімдері туралы ақпараттар көрсетілген.

Зерттеудің әдістемелік негізі тарихилық пен мәліметтердің дұрыстығына қол жеткізу үшін қажетті объективтілік принциптеріне сүйенеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында салыстырмалылық, тарихи-кеңістіктік сипаттама, тарихи зерттеудегі жүйелілік әдістері пайдаланылды.

Архив мәліметтерін пайдалануда жүйелі сараптау әдісі кеңінен пайдаланылды. Архив құжаттары мен тарихи еңбектердің маңыздылығына және тарихи деректерді жүйелі негізде іріктеуге ерекше назар аударылды. Аталған әдіс арқылы архив құжаттары ішінен ОИГҚ Орынбор бөлімін құру туралы Ресей императоры І Николайдың 1867 жылдың 17 шілдесіндегі жарлығы, XIX ғ. II жартысындағы аталған орталықтың құрамында орын алған сандық өзгерістер және т.б. мәліметтерді алуға қол жеткізілді.

Праксиметриялық немесе америкалық еңбектерде қолданылатын «архивтік әдіс» жазбалар мен күнделіктерді, архив мәліметтері, ғылыми еңбектер мен зерттеулерді сараптауда кеңінен қолданылды. «Архивтік әдісті» пайдалануда ғылыми еңбектер мен архив құжаттарындағы түрлі фактілер мен оқиғалардың мазмұнын сандық және сапалық жағынан сараптау үшін контент-

сараптау әдісі тиімді түрде қолданылды. Контент-сараптау техникасы гуманитарлық ғылым саласындағы түрлі «архивтік тәсілдердің» бірі ретінде мәтіндік құжаттардың мазмұнын түсінуге көмектесті.

Ғылыми деректерді талдау барысында аталған бағытта арнайы зерттеулер жүргізген тарихшылар мен басқа да сала ғалымдарының еңбектері сарапталып, оларды сыни көзқараспен қарастыру жұмыстары жүргізілді.

Күнделік түрінде жазылған архив деректері мен жазбалар праксиметриялық немесе архивтік тәсілмен қарастыруды талап етті. Зерттеу мақсатына жету үшін бұдан басқа ғылымда кең тараған тарихи-салыстырмалылық, тарихи сараптау, объективтілік, жалпылау әдістері да пайдаланылды.

Талқылау

Аталған тақырып турасындағы әдебиеттер мен деректер базасы ауқымды. Олардың қатарында алғашқы кезекте патшалық Ресей тұсында жарық көрген еңбектерді алғашқы кезекте айтып өтуге тиіспіз. ОИГҚ Орынбор бөлімінің корреспонденттік жүйесі қызметі туралы сол тұстағы бұқаралық ақпарат құралдары ролін атқарған мерзімді басылымдар және оларда жарық көрген түрлі сипаттағы мақалаларда біршама айтылып өткен.

Сондай еңбектердің бірі А.Е.Алекторовтың «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» еңбегінде 1898 жылы «Тургайская газета» журналында жарық көрген ОИГҚ Орынбор бөлімінің корреспонденті Б.Наурызбаевтың «Қырғыз (қазақ-авт.) билігінің қызметі туралы» (О деятельности киргизских властей) атты мақаласына сүйене отырып «Мақала Қостанай уезі, Торғай облысына арналған. Айналаның барлығы ұрлық, әсіресе жылқы ұрлығы көп... Қостаанй қаласындағы Покровка жәрмеңкесі кезінде соңғы екі жылда жәрмеңкеге келген Торғай қырғыздарының ұрылардан көрген зорлық-зомбылығы бойынша шағымдары көбейіп кетті... Бұл қыпшақтар түнде олардың малдарын ұрлап, күндіз өздерін ұрып-соғады. Наурызбаевтың айтуынша бұл ұрлық жасайтындар Қостанай уезінің Дамбар, Аманқараған, Қарабалық, Чабар, Кеңарал, Сарыой болыстықтарының қырғыздары немесе қыпшақтары... Наурызбаев мырза жергілікті болыс басқарушыларының бұндай бассыздықты білмейміз дегеніне сенуге болмайды деп жалғастыра келе, болыс

басқарушыларының өздері ұрлықпен айналысады деген қауесеттер бар деген мәлімет айтады», – деп қазақ даласындағы келеңсіздіктерді ашып көрсетеді (Алекторов, 1900: 575). Осы арқылы Орынбор географиялық қоғамы мен Ресей үкіметтік орындары қарамағындағы халықтардың менталитетін, салт-дәстүрі және ұлттық ерекшеліктерін зерттеп біліп отырды.

1870 жылы Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің «Записки» деп аталған баспа органы шыға бастайды. Аталған баспа өз тарихында 1870, 1872, 1874, 1881ж. төрт рет шығарылып, ішіне ОИГҚ Орынбор бөлімі мәжілісінің мақұлдауынан өткен қазақ, орыс, башқұрт зерттеушілерінің ең үздік ғылыми еңбектері енгізілді.

Бұл материалдардың негізінде ОИГҚ Орынбор бөлімі қызметкерлері этнографиялық мақалалар мен сипаттамалар жасақтау жұмыстарын жүргізді. Олар көбінесе қазақ, башқұрт, орыс, татар, чуваш, марий, Орынбор казактары секілді өлке халықтарының наным-сенімдері, үйлену, жерлеу дәстүрлерін зерттеуге бағытталды (Зобов, 2000: 43-48).

Тақырыптың тарихнамалық мазмұнын байытуда «Записки Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества» жинағының 4-томдығы ерекше орын алды. Аталған жинақта сол кезеңдегі қазақ қоғамы ішіндегі Орынбор географиялық қоғамына мүше болған қазақ ұлты өкілдері мен олардың жеткізген ғылыми мағлұматтары егжей-тегжейлі баяндалған.

Мәселен, ОИГҚ Орынбор бөліміндегі қазақ ұлтынан шыққан корреспонденттер қатарындағы Б.Дауылбаевтың «Торғай облысы, Николаев уезі қырғыздарының (қазақтарының-авт.) өмірі туралы әңгіме» (Рассказ о жизни киргиз Николаевского уезда Тургайской области, с 1830 по 1880 год) атты мақаласында XIX ғасырдың орта тұсындағы Ресей империясына қарасты қазақ халқының күнделікті тұрмысы мен экономикасы, материалдық мәдениеті туралы көптеген мәліметтер ғылыми айналымға түсті (Записки Оренбургского..., 1881: 98-117).

ОИГҚ-ның тарихи қызметі мен роліне шетелдік зерттеушілер де өз қызығушылықтарын танытты. Бұны шетелдік тарихшы Натаниэл Найттың 2005 жылы ғылыми қоғамға танымал болған «Наука, империя и народность: этнография в Русском географическом обществе, 1845-1855 гг» (Найт, 2005: 155-198) атты ғылыми еңбегінен байқауға болады.

Американ зерттеушісі Натаниэл Найт бұл турасында «...жергілікті корреспонденттерге сүйену этнографияның одан әрі дамуына біршама әсер еткенін айтып өтеді. Жергілікті корреспонденттерді қолдану арқылы мәліметтерді жинақтау және оны ғылыми деңгейде сараптау кезеңдері қалыптасты. Жергілікті корреспонденттер арнайы маман болмағандықтан, олар кейбір күрделі мәселелерді интерпретациялау арқылы шешуге қабілетті болмады. Олар көбінесе мәселелерді таза сипаттау тұрғысында ғана баяндады және берілген ғылыми нұсқамалар мен талаптарды сақтай бермеді. Жергілікті орындардан келген есептер көбінесе жалпы баяндалу түрінде болғандықтан, олар кейіннен ғалым-этнографтар тарапынан арнайы түрде қайтадан сараптамалардан өткізіліп отырған» деп жазып, корреспонденттік желі турасындағы ерекше ғылыми пікірін білдіреді (Найт, 2005: 177).

Нәтижелер

Орыс императорлық географиялық қоғамы Орталық Азия халықтарын ғылыми және мәдени тұрғыдан зерттеуге үлкен ықпал жасаған құрылым болды (История отечественного..., 1997: 87).

1867 жылы 17 шілдесінде император І Николай ОИГҚ-ның Орынбор бөлімін құру туралы жарлыққа қол қояды (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.2. П. 27-27). Бұл ОИГҚ-ның төртінші бөлімі (Сібірдегі Иркутск, Тифлистегі Кавказ, Вильнодағы Балтық бөлімдерінен кейін) болатын. ОИГҚ-ның зерттеу аясына Орынбор губерниясы, Қазақ даласы және Орталық Азия хандықтары жатты.

Жаңадан құрылған бөлімнің алғашқы мәжілісі 1868 жылдың 14 қаңтарында өткізілді (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.17. П.3). Қоғамның Орынбор бөлімінің төрағалығына Торғай облысының әскери губернаторы, генерал-майор Л.Ф.Баллюзек сайланды. Л.Ф.Баллюзек басқарған ОИГҚ Орынбор бөлімінің басшылығы аталған бөлімнің даму стратегиясын жасақтайды. Орынбордағы аталған база Лондон, Бомбей, Калькутта, Париж және Лейпцигтегі Азиаттық қоғам үлгісіндегі орталық ретінде ориенталистиканың әлемдегі алтыншы, Ресейдегі үшінші орталығына (Ғылым академиясы мен Қазан университетінен кейін) айналуы мақсат етті (Сафонов, 1996: 130-132).

ОИГҚ Орынбор бөлімінің толық мүшелігін жеті қазақ (И.-М.А.Асатов, Б.К.Қарпықов, У.К.Күнтеков, Н.М.Сабанбаев, С.Т.Тілемісов,

М.Я.Жараспаев), мүше қызметкерлігін бес қазақ (Ы.Алтынсарин, Д.Б.Беркінбаев, Б.Д.Дауылбаев, Б.Н.Наурызбаев, Т.А.Сейдалин) иеленді (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.88. П.10). Орынбор кадет корпусының түлектері, кейіннен қазақ және башқұрт халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлес қосып, белгілі қоғам қайраткерлеріне айналған ақын-ағартушы М.И.Уметбаев (1841-1907), ғалым-лингвист М.М.Бекчурин (1819-1887), шығыстанушы Ә.А.Диваев (1855-1933) секілді башқұрт халқының өкілдері де ОИГҚ-ның Орынбор бөлімі мүшелері қатарында болды (Султанғалиева, 2002: 124). 1868-1870 жылдары ОИГҚ Орынбор бөлімі география бөлімшесі мүшелерінің саны 42-ден 89-ға артты (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.16. П.7).

Қоғамның корреспонденттік желісі: этнография бөлімшесі бағдарламасының жүзеге асуы

ОИГҚ Орынбор бөлімі қызметі корреспонденттік желіні құру жұмыстарына ең алдымен бастауыш мектеп мұғалімдерін тартты. Ол үшін тарихи және географиялық мәліметтерді жинақтауға арналған сұрақтардан құралған бағдарлама орыс және бөтен ұлттар аралас оқитын мектептердің мұғалімдеріне жіберілді. Аталған сұрақтар бағдарламасының таратылу аумағы Орынбор, Уфа губерниялары, Торғай және Орал облыстары уездерін, атап айтсақ Стерлибашево (Стерлитамак уезі), Аканеево (Бирский уезд), Салихово, Сафарово (Уфа уезі), Метелево (Челябі уезі), Аскарово, Учасево (Жоғарғы Орал уезі), Тляумби (Орал облысы, Орал уезі) деревнялары және Орал, Гурьев, Троицк, Торғай, Стерлитамак қалалары болды (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.48. П.264-265).

Географиялық қоғамның Орынбор бөлімінде қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы циркулярлық хаттар мен бағдарламалық сұрақтардан тұратын конверттер жіберілген Торғай облысы, Қостанай уезі қазақтарының мекенжайлары сақталған. Аталған тізім (50 адам) уез бастығы А.Михайлов тарапынан жасақталды. Бұл тізімге Орынбор өңірі оқу орындарынан білім алған Хамза Қаржасов, Баймұхамед Асатова-Құнанбаев, Демейсін Найманов, Таңатқан Самаев, Малдыбай Италмасов, Сандыбай және Дөңдібай Тілемісов, Иманбай Құдайбергенов, Баймұхамед Наурызбаев, сұлтан Махмұд Жантурин, сұлтан Дәулеткерей Ахмедов және т.б. сауатты қазақтар енген болатын (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.43. П.120-121).

Жергілікті корреспонденттермен нақты жұмыс істеу үшін ОИГҚ-ның Орынбор бөлімін-

де корреспонденттерді тіркейтін арнайы кітап ашылды. 1889 жылдың 8 ақпанында басталып 1894 жылдың 14 ақпанында токтатылған аталған тіркеу кітабында Н.Сабанбаев, Б. Дауылбаев, Б. Наурызбаев, С.Тілемісов, М. Жараспаев, У.Күнтеков, Т.Сейдалин, Б.Қарпықов, И.Асатов (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.88. П.1-10) секілді корреспонденттер тіркелді. Алайда этнографиялық бөлімше корреспонденттерінің көпшілігі өздерін жасырын ұстауға тырысты және бізге олардың есімдері, мекен-жайы және кейбіреулерінің әлеуметтік жағдайлары ғана белгілі болды (Галиев, 2001: 133).

Орынбор облысы мемлекеттік архивінде ОИГҚ Орынбор бөлімінің корреспонденттері, атап айтсақ Түзтөбе болысы, Елек болыстығының сұлтаны Сұлтанғали Кушанғалиев, Ырғыз уезі Тәуіп болысы №4 ауылының старшыны Алшаев Салтыбектің баянаттары сақталған (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.43. П.264-265).

Бағдарламалар мен нұсқамалар жергілікті корреспонденттерге түсінікті түрде берілді. Этнографиялық бөлімше бағдарламаларына берілген жауаптар арнайы дағдылар мен түсіндіруді талап етпеді және оны түсіну үшін тек жалпы сауатты болу мен байқампаздық қабілет қажет болды. Географиялық қоғам азаматтардың бойында жобаға қатысқаны үшін мақтаныш сезімін ұялатуға барынша күш салды. Осы мақсатта үздік жауап берген кейбір авторларға қоғамның мүше-қызметкері статусы берілсе, кейбіреулеріне алғыс хаттар ұсынылып, есімдері Географиялық қоғамның Хабаршысында (Вестник Императорского географического общества) аталып өтті (Галиев, 2001: 134).

Корреспонденттік желіні құру ОИГҚ Орынбор бөліміне қазақ халқының салт-дәстүрі, халық ауыз шығармалары, шаруашылығы туралы мәліметтерді жинақтау мақсатындағы экспедициялар құрамына жергілікті халықты тартуға мүмкіндік берді. Бұл ретте таңдау қазақтардың жергілікті табиғи жағдайын білетін жолсілтеушілерге түсіп, олардың мәртебесі арта бастайды. Жолсілтеуші немесе жолсеріктер ғалымдарды жергілікті жерлермен, өсімдіктер мен жануарлардың түрлерімен таныстырып отырды және бұл мәліметтер кейіннен картографиялық және басқа да бағыттардағы ғылыми еңбектерге енгізілді.

Бағдарлама арқылы жинақталған құнды материалдар қатарына жергілікті корреспонденттер жазған фольклорлық мәліметтерді жатқызуға болады. Бұл тұста этнографиялық бөлімшенің

қажеттіліктері мен корреспонденттердің қабілеттерінің керемет үйлесімділікпен бір-біріне сәйкес келгендігін айта кету керек. Мәселен, жергілікті диалектілерді сақтай отырып, фольклор туындыларын жазып алу жергілікті бақылаушылар үшін оңай шешілетін міндет болатын. Бұл мәліметтерді не істеу қажет екендігі туралы сұрақтар болмады және оларды ең алдымен жариялау күн тәртібінде тұрған болатын (Найт, 2005: 135).

1868 жылдың 23 наурызында генерал-майор Л.Ф.Баллюзектің төрағалығымен өткен ОИГҚ Орынбор бөлімі мүшелерінің мәжілісінде Орынбор бекінісінің аудармашысы Ыбырай Алтынсариннің (1841-1889жж.) «Қырғыздардың (қазақтардың-авт.) үйлену тойы» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Мәжіліс төрағасы Ы.Алтынсариннің баяндамасында тұрмыстық өмірі аз зерттелінген қазақтардың этнографиясы, көшпенділер арасындағы некенің жүру барысы туралы құнды ақпараттар берілді. Осы құнды мәліметтерді ескере отырып, жалпы мәжіліс Ы.Алтынсариннің аталған баяндамасын Қоғамның мерзімдік басылымына баспаға ұсынуды жөн деп тапты (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.43. П.303-304). Осы ОИГҚ тарапынан шығарылған «Запискилердің» алғашқы шығарылымына Ы.Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы қырғыздарының (қазақтарының-авт.) құда түсу және үйлену кезіндегі салт-дәстүрлері туралы очерктер» және «Орынбор ведомствосы қырғыздарының (қазақтарының-авт.) жерлеу және ас беру кезіндегі дәстүрлері туралы очерктер» деп аталатын мақалалары енгізілді (Записки Оренбургского..., 1870: 101-122).

Хамза Қаржасов ОИГҚ Орынбор бөліміне Аятм өзені маңы туралы географиялық мәліметтерді хабарлай отырып, бұл білімін кейіннен «Аманқарағай, Наурызым, Тирсак (мүмкін Терісакқан-авт.) Толағай-Тепке, Жаңабике, Сарытоғай сөздерінің шығуы» туралы Торғай облысының топонимикасына арналған мақаласында қолданды. Ол Усть-Уй станицасынан шықты және 1858 жылы әскери госпиталь жанындағы Орынбор фельдшерлік мектебін бітіреді. Одан кейін Ішкі орданың шығыс бөлігіндегі билеуші-сұлтанның қасында Орынбордағы қазақ балаларына арналған мектептің дәрігері ретінде алты жыл жұмыс жасады. 1870 жылдары Хамза Қаржасов Қостанайдағы уезд басқармасында қағаз жазушы болып жұмыс жасайды (Галиев, 1982: 129).

ОИГҚ Орынбор бөлімінің тағы бір корреспонденті «Торғай облысы, Қостанай уезінің қазағы, халықтық сот» Баймұхамед Наурызбаев қоғамға Николаев уезінің тұрғылықты халқы мен географиялық жағдайы туралы мәліметтер жеткізіп отырды (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.43. П.303-304). Ол «Торғай газетінің» 1895ж. 15 қаңтары №3 номерінде «Николаев уезінің Дамбар болыстығы» (Дамбарская волость Николаевского уезда); 1898 ж., №13 санында «Қырғыз (қазақ-авт.) даласындағы медициналық көмек туралы» (О медицинской помощи в киргизской степи); 1898 ж., №21 санында «Қырғыздардағы (қазақ-авт.) үйлену туралы» («О женитьбе киргизах»); 1898 ж., 19 сәуірі №16 санында «Қырғыз (қазақ-авт.) билігінің қызметі туралы» (О деятельности киргизских властей) деген атаумен мақалалар сериясын жарыққа шығарды (Алекторов, 1900: 574-575). Дамбар болыстығы туралы мәліметте бала жастағы қалыңдық пен күйеу баланың некелесу сәті сипатталады және автор бұл жерде қалыңмал беру мен ерте некелесуге қарсы екендігін білдірген. Автор тағы бір мақаласында қазақ ауылдарына дәрігерлік көмек көрсету жағынан жағдайдың нашар екендігін көрсетті.

Ал автордың келесі «Қырғыз (қазақ-авт.) әйелдері туралы» мақаласында қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелер, әйелдің жанұя мен тұрмыстағы жағдайы көтерілді. Б. Наурызбаев корреспондент ретінде ОИГҚ-ның Орынбор бөлімімен тығыз байланыста жемісті жұмыстар атқарды және кейіннен осы бөлімнің қызметкер-мүшесі атанды (Приложение к отчету..., 1900: 2).

Қазақ даласын зерттеушілерге белгілі би, №15-ші, кейіннен №23-ші дистанцияның басшысы болған Дербісәлі Беркімбайұлы Беркімбаев (1838-1913жж.) белсенді көмектесіп отырды. Ол 1869 жылдан бастап Елек және Ырғыз уездерінде жұмыс жасады. 1876 жылдың желтоқсанында ОИГҚ-ның Орынбор бөлімі жергілікті жерлердегі корреспонденттерге тарихи-географиялық мәліметтер жинақтауға арналған бағдарлама жіберді. Торғай облысы, Елек уезі бойынша қоғам мүшелерінің ішінде бағдарлама «кіші зауряд-хорунжий Дербісәлі Беркімбаевқа» жіберіледі (ОрОМА. Қ.94. Т.1. І.43. П.303-304). Орыс зерттеушілеріне қазақ жерін зерттеуде белсенді көмек бергені үшін 1879 жылы Д.Беркімбаевқа ОИГҚ Орынбор бөлімінің қызметкер-мүшесі деген атақ берілді. 1881 жылдан бастап Ақтөбе қаласында жұмыс жасаған Беркімбаев қазақ делегациясының құрамында Петербургте

екі рет қызметтік сапармен болады (Султанғалиева, 2005: 104-105).

1896 жылы ОИГҚ Орынбор бөлімі мен Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы Төменгі Новгородтағы Бүкілресейлік көркем және өндірістік көрмені ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына қатысты. Аталған қоғам тарапынан құрылған Көрмелік комитет қазақ жәдігерлерін жинауда үлкен жұмыстар жүргізді. Көрмеге қойылатын қазақ ұлттық жәдігерлерін жинастыруда болыстық шенеуніктердің ішінен Дербісәлі Беркімбаев, Сейітбаттал Нұрмұхамедовтер (Масанов, 1966: 244) ерекше көзге түсті. 1897 жылы Д.Беркімбаев Торғай статистикалық комитетінің мүшесі болады. Ол Торғай облыстық мұражайын ұйымдастыруға белсене қатысып, «алғашқы жалпыхалықтық санақ ұйымдастырудағы еңбегі үшін» арнайы медальмен марапатталды (Султанғалиева, 2005: 104). «Торғай газетінің» 1895 жылғы 17 қыркүйектегі №38 санында Дербісәлі Беркімбаевтың «Қырғыз (қазақ-авт.) даласындағы көне қорғандар мен қираған орындар»; аталған газеттің 1896 жылы 24 қаңтар №56 санында «Аралтөбе болысы» деп аталатын мақалалары жарық көрді (Галиев, 2001: 29).

1900 жылы ОИГҚ Орынбор бөлімі мүшелерінің құрамында он қазақ болды. Қоғамның толық мүшелері Есмұхамед Асатұлы Асатов, Бекмұхамед Қарпықұлы Қарпықов, Өміртай Күнтекұлы Күнтеков, Нұрхан Мырзабақынұлы Сабанбаев, Сауытбай Төлемісұлы Төлемісов, Мінайдар Жараспайұлы Жараспаевтар болса, Дербісәлі Беркімбайұлы Беркімбаев, Бейбіт Дауылбайұлы Дауылбаев, Баймұхамед Наурызбайұлы Наурызбаев, Тілеумұхамед Айтөреұлы Сейдалиндер қоғамның қызметкер-мүшелері қатарына жатты (Известия Оренбургского..., 1900: 55).

Бұл кезеңнің баспа органының қатарына 1917 жылға дейін жарық көрген «Известия» басылымы да кірді. 1917 жылға дейін «Известияның» 25 саны жарық көрді (Масанов, 1966: 237).

Орынбор оқу округінің округтік инспекторы, ОИГҚ Орынбор бөлімінің қызметкер-мүшесі А.В.Васильев (1861-1943жж.ө.с.) Торғай облысы, Ырғыз уезінде тараған «Үш жігіт» әнінің мәтінін жазды. Әннің Торғай уезінде тараған басқа да нұсқадағы мәтіндеріне салыстырмалы талдау жасаған А.В.Васильев «әндегі кейбір шумақтар мүлдем басқаша беріледі» деп атап өтеді (Васильев, 1897: 93-122).

ОИГҚ Орынбор бөлімінің қызметкер-мүшесі А.И.Добросмыслов (1854-1915жж.) 1888-1901 жылдары Торғай облысында мәл дәрігері

қызметінде болды. Ол қазақтардың көшпелі мал шаруашылығымен жан-жақты танысты (Масанов, 1966: 242). Добросмыслов сонымен бірге қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын, киімдері, тұрғын-жайлары, ру-тайпалық жағынан мекендеген жерлері мен құрылымын зерттей келе, зерттеу нәтижелерін ғылыми қоғам тарапынан шығарылатын басылымдар құрамына брошюра, кітап және мақалалар түрінде енгізді (Добросмыслов, 1901). А.И.Добросмыслов көпжылдық зерттеулерінің нәтижесін «Торғай облысы» тарихи очеркі атауымен ОИГҚ Орынбор бөлімінің «Известия» жинағы құрамында жарыққа шығарды (Добросмыслов, 1902). XVIII-XIX ғасырлардағы Батыс Қазақстан тарихы ғылыми түрде алғаш жүйеленген аталған зерттеу әлі күнге дейін өзінің құндылығын жоймауда.

Қорытынды

ОИГҚ Орынбор бөлімінің этнографиялық бөлімі арнайы жасақтаған нұсқаулықтар мен бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы корреспонденттік желіні құрып, оның жұмысын сәтті жүргізу мүмкін болды. Корреспонденттер үшін

этнографиялық бөлім мүшелері жасақтаған бағдарламалар мен нұсқаулықтар ғылыми жол көрсеткіш құжат болатын. Аталған нұсқаулықтар мен бағдарламаларда қазақ және башқұрт халықтары, Орынбор және Орал казактары, финну-гор (мордва, мари, чуваш) және шығыс славян (орыс, украиндар) халықтарының мәдениеттерін зерттеуге баса көңіл аударылды.

ОИГҚ Орынбор бөлімі этнографиялық бөлімшесі жобаларын енгізу Оңтүстік Орал мен Орталық Азия аумағындағы көшпелі халықтардың мәдениетін тыңғылықты және ғылыми түрде зерттеуге мүмкіндік берді. XIX ғ. II жартысы-XX ғ. басында Ресей империясының орталығымен бірге шеткі аймақтарында да өлкетану жұмыстары белсенді сипат алып, ғылыми зерттеулер кеінен жүргізілді. Аталған корреспонденттік желіні құрып, жергілікті халықтардың тарихы мен салт-дәстүрі және т.б. мәліметтерді арнайы бағдарлама негізінде жинақтау арқылы Орталық Азияның көшпелі халқы мен қоғамының ерекшеліктері бағытындағы зерттеу жұмыстарын ғылыми негізде жүргізу мүмкіншіліктері айтарлықтай өсе түсті және қазақ өлкесіндегі ғылымның келесі бір жаңа деңгейге көтерілуіне де үлкен әсерін тигізді.

Әдебиеттер

- Алекторов А.Е. (1900) Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. Казань: Типо-литография Императорского университета. 991 с.
- Васильев А.В. (1897) Киргизская песня о трех молодцах. Известия Оренбургского отдела ИРГО. Выпуск XI. Оренбург, 1897. С. 93-128.
- Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ОрОМА). Қ.94. Т.1. I.2.
- ОрОМА. Қ.94. Т.1. I.17.
- ОрОМА. Қ.94. Т.1. I.88.
- ОрОМА. Қ.94. Т.1. I.16.
- ОрОМА. Қ.94. Т.1. I.48.
- ОрОМА. Қ.94. Т.1. I.43.
- Галиев В.З. (2001) Казахстан на страницах дореволюционной печати: Сибирская газета, Тургайская газета. Алматы. 185 с.
- Галиев В.З. (1982) Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане (вторая половина XIX в.). Алма-Ата: Казахстан. 160 с.
- Добросмыслов А.И. (1901) «Салы» у киргизов. Известия Оренбургского отдела ИРГО. Выпуск XVI. Оренбург. 272 с. С. 33-36
- Добросмыслов А.И. (1902) Тургайская область. Исторический очерк. Известия Оренбургского отдела ИРГО. Выпуск XVII. Оренбург. С. 257-524 с.
- Записки Оренбургского отдела ИРГО. Выпуск № 1. Казань, 1870. 300 с.
- Записки Оренбургского отдела ИРГО. Выпуск № 4. Оренбург, 1881. 196 с.
- Зобов Ю.И. (2000) Этнография и фольклор Оренбургских казаков в трудах исследователей последней трети XIX – начала XX вв. Этнопанорама. № 2. Оренбург. С. 43-48.
- Приложение к отчету за 1899 г. № 1. Список членов Оренбургского отдела Императорского Русского Географического Общества к 1 января 1900 г. Известия Оренбургского отдела ИРГО. Выпуск XV. Оренбург, 1900. С. 55-60.
- История отечественного востоковедения с середины XIX века до 1917 года / Ред. кол.: А.А. Вигасин, А.Н. Хохлов, П.М. Шаститко. М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1997. 536 с.

- Масанов Э.А. (1966) Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата: Наука. 322 с.
- Натаниэл Найт. (2005) Наука, империя и народность: этнография в Русском географическом обществе, 1845-1855 гг. Российская империя в зарубежной историографии. Работы последних лет: Антология. Сост. П. Верт, П.С. Кабытов, А.И. Миллер. М.: Новое издательство. 696 с.
- Сафонов Д. (1996) Оренбургский отдел Императорского Русского географического общества. История Оренбуржья: учебное пособие / составитель и научный редактор Л.И.Футорянский. Оренбург: Оренбургское книжное издательство. 352 с.
- Султангалиева Г.С. (2002) Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII-начало XXвв.). Монография. Уфа. 262 с.
- Султангалиева Г.С. (2005) История Актыбинского уезда (1869-1917). Актобе. 264 с.

References

- Alektorov A.E. (1900). Ukazatel' knig, zhurnal'nykh i gazetnykh statei i zametok o kirgizakh [Index of books, magazine and newspaper articles and notes about the Kyrgyz]. Kazan', Tipo-litografiya Imperatorskogo universiteta, 991 p. [in Russian]
- Vasil'ev A.V. (1897) Kirgizskaya pesnya o trekh molodtsakh [A Kyrgyz song about three good fellows]. Izvestiya Orenburgskogo otdela IRGO. Vyp. XI. Orenburg. P. 93-128. [in Russian]
- Orynbor oblystyq memleketik arhivi (OrOMA) [State Archives of the Orenburg Region]. F.94. Op.1. D.2.
- OrOMA. F.94. Op.1. D.17.
- OrOMA. F.94. Op.1. D.88.
- OrOMA. F.94. Op.1. D.16.
- OrOMA. F.94. Op.1. D.48.
- OrOMA. F.94. Op.1. D.43.
- Galiev V.Z. (2001). Kazakhstan na stranitsakh dorevolutsionnoi pechati: Sibirskaya gazeta, Turgaiskaya gazeta [Kazakhstan on the pages of the pre-revolutionary press: Sibirskaya Gazeta, Turgayskaya Gazeta]. Almaty. 185 p. [in Russian]
- Galiev V.Z. (1982). Meditsinskaya deyatel'nost' ssyl'nykh revolyutsionerov v Kazakhstane (vtoraya polovina XIX v.) [Medical activity of exiled revolutionaries in Kazakhstan (the second half of the XIX century)]. Alma-Ata: Kazakhstan. 160 p. [in Russian]
- Dobrosmyslov A.I. (1901). "Saly" u kirgizov [Kyrgyz people have "Salas"]. Izvestiya Orenburgskogo otdela IRGO. Vyp. XVI. Orenburg. S. 33-36. [in Russian]
- Dobrosmyslov A.I. (1902). Turgaiskaya oblast'. Istoricheskii ocherk [Turgai region. Historical sketch]. Izvestiya Orenburgskogo otdela IRGO. Vyp. XVII. P. 257-524. [in Russian]
- Zapiski Orenburgskogo otdela IRGO [Notes of the Orenburg department of the IRGO]. Vyp. №1. Kazan', 1870. 300 p. [in Russian]
- Zapiski Orenburgskogo..., 1881 – Zapiski Orenburgskogo otdela IRGO [Notes of the Orenburg department of the IRGO]. Vyp. №4. Orenburg, 1881. 196 p. [in Russian]
- Zobov Yu.I. (2000). Etnografiya i fol'klor Orenburgskikh kazakov v trudakh issledovatelei poslednei treti XIX–nachala XX vv. [Ethnography and folklore of the Orenburg Cossacks in the works of researchers of the last third of the XIX and early XX centuries]. Etnopanorama. № 2. Orenburg. P. 43-48. [in Russian]
- Prilozhenie k otchetu za 1899 g. № 1. Spisok chlenov Orenburgskogo otdela Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo Obshchestva k 1 yanvarya 1900 g. [Appendix to the report for 1899 No. 1. List of members of the Orenburg Department of the Imperial Russian Geographical Society by January 1, 1900]. Izvestiya Orenburgskogo otdela IRGO. Vyp. №15. Orenburg, 1900. P. 55-60. [in Russian]
- Istoriya otechestvennogo vostokovedeniya s serediny XIX veka do 1917 goda [The history of Russian Oriental studies from the middle of the 19th century to 1917]. Red. kol.: A.A. Vigasin, A.N. Khokhlov, P.M. Shastitko. M.: Izdatel'skaya firma «Vostochnaya literatura» RAN. 536 p. [in Russian]
- Masanov E.A. (1966). Ocherk istorii etnograficheskogo izucheniya kazakhskogo naroda v SSSR [An essay on the history of the ethnographic study of the Kazakh people in the USSR]. Alma-Ata: Nauka. 322 p. [in Russian]
- Nataniel Nait. (2005). Nauka, imperiya i narodnost': etnografiya v Russkom geograficheskom obshchestve, 1845-1855 gg. [Science, Empire and Nationality: Ethnography in the Russian Geographical Society, 1845-1855]. Rossiiskaya imperiya v zarubezhnoi istoriografii. Raboty poslednikh let: Antologiya. Sost. P. Vert, P.S. Kabytov, A.I. Miller M.: Novoe izdatel'stvo. 696 p. [in Russian]
- Safonov D. (1996). Orenburgskii otdel Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva [Orenburg Department of the Imperial Russian Geographical Society]. Istoriya Orenburzh'ya. sostavitel' i nauchnyi redaktor L.I.Futoryanskii. Orenburg: Orenburgskoe knizhnoe izdatel'stvo. 352 p. [in Russian]
- Sultangalieva G.S. (2002). Zapadnyi Kazakhstan v sisteme etnokul'turnykh kontaktov (XVIII-nachalo XX vv.) [Western Kazakhstan in the system of ethnocultural contacts (XVIII-early XX centuries)]. Monografiya. Ufa. 262 p. [in Russian]
- Sultangalieva G.S. (2005). Istoriya Aktyubinskogo uезда (1869-1917) [The history of Aktobe uyezd (1869-1917)]. Aktobe. 264 p. [in Russian]

Автор туралы ақпарат:

Бегимбаева Жибек Сагинбаевна – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Тарих және дінтану кафедрасы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Қазақстан, Ақтөбе, e-mail: zbegimbayeva@zhubanov.edu.kz)

Байшов Бакыт Батырбекович – PhD доктор, Т. Ж. Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан, Ақтөбе, e-mail: dil_123@mail.ru)

Information about the author:

Zhibek Sagynbaevna Begimbayeva – Candidate of Historical Sciences, Associate professor, Department of History and Religious Studies K.Zhubanov Aktobe Regional university (Kazakhstan, Aktobe, e-mail: zbegimbayeva@zhubanov.edu.kz)

Bakyt B. Baishov – Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Social and Humanitarian Disciplines, T.Ya. Begeldinov Military Institute of the Air Defense (Kazakhstan, Aktobe, e-mail: dil_123@mail.ru)

Сведения об авторах:

Бегимбаева Жибек Сагинбаевна – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, кафедра истории и религиоведения Актюбинского регионального университета имени К. Жұбанова (Актөбе, Казахстан, e-mail: zbegimbayeva@zhubanov.edu.kz);

Байшов Бакыт Батырбекович – доктор PhD, начальник кафедры социально-гуманитарных дисциплин, Военный институт Сил воздушной обороны имени Т.Я. Бегельдинова (Актөбе, Казахстан, e-mail: dil_123@mail.ru).

Келіп түсті: 08.08.2025

Қабылданды: 25.11.2025